

Бір тілдің төл сөздерінің молаюының біздіңше екі түрлі себебі болады. Бірі, бастапқы түбір сыртқы бағытқа қарай кеңейіп, басқа сөз жасау материалдарымен белгілі бір заңдылық бойынша бірігеді де, одан жаңа сөз жасалады. Енді бірі, бастапқы түбірдің ішкі бөлігіндегі мәлім бір фактордың өзгеруі арқылы болады. Бір тіл қайсы жолмен лексикасын дамытатынын сол тілдің типологиялық қасиеті белгілейді. Әдетте, бір тілдегі сөздердің серпімділігі күшті болса, яғни сол тілдегі сөздер дара морфемалы немесе дара буынды болып қалмай, көп морфемалы, көп буыннан құралған болса, онда бұл түрдегі тіл сөздің сыртқы бөлігінің көбеюіне сүйеніп көбейеді. Керісінше, егер сөздің құрамы шекті болса, яғни сөздер негізінен дара буын, дара морфемалардан құралған болса, онда бұл тіл сөздің ішкі бөлігінің өзгерісі арқылы жаңа сөз жасайды. Қытай тілі мен қазақ тілінің лексикасының дамуы осындай ұқсамайтын екі негізгі жолмен жаңа сөздерді жасайды. Мысалы, қазақ тілінің негізгі сөз жасау амалдары болған түбірге қосымша жалғау амалы күшейту мен біріктіру амалы көркем өнер дегендер сөздің сыртқы бөлігінің көбеюі жолымен жасалған жаңа сөздер. Ал, қытай тілі сөздерінің сипаты дара морфемалы қасиетке ие, бір сөз негізінен бір ғана морфемадан құралады. Мұндай ерекшелік сөздің сыртқа қарай көбею қабілетін шектеп, сөздің дара морфемасының ішкі өзгерісі арқылы жаңа сөз жасауын мәжбүрлейді. Мысалы, қытай тіліндегі шің, жұлдыз, жін, жалтыр, жің, жанар сөздері осындай жолмен жасалған негізі бір сөздер. Алайда, тілдің лексикасының дамуына қарағанда, әрқандай тілдің лексикасының көбеюі негізді бастапқы түбірді ұйытқы етіп молаятындықтан, түбірдің ішкі бөлігінің өзгерісі арқылы жаңа сөз жасау әдісі басқа тілдерде мүлде жоқ деуге болмайды. Өзінің қайнар көзін түркі тілінен бастау алған қазақ тілі лексикасындағы түбір сөздер қалыптасу, молаю барысында өзіне қосымша қосу, өзара бірігу арқылы ғана емес, түбірдің ішкі өзгерісі — түбірдегі дыбыстардың өзгеруі, мағынаның ыдырауы арқылы да молаған құбылыстарын байқауға болады. Бірақ, әуелде бір негізден, бір түбірден тараған сөздердің кейбірі дами келе өздерінің түбірлестігі білінбестей дәрежеде өзгеріп, оған этимологиялық талдау жасау арқылы ғана олардың төркіндестігін табуға болатындай дәрежеде өзгерген. Міне, осындай бір тілдің лексикасындағы сөздің түбірінің құрамындағы дыбыстардың өзгерісі, мағынаның ыдырауы немесе туынды мағынасы ғана сақталып, бір түбірден тарағандығы ұмыт болған сөздердің тобын біз төркіндес сөздер немесе негіздес сөздер дейміз. Мысалы, Ө. Қайдаровтың дәлелдеуінше, қазақ тіліндегі шық, сыз, зәй, шишикі, жіпжіпсі, сүй сүйык сөздері төркіндес сөздер, шық-шік-чық-чік-чиг-шыи-шіи-чи-зық-зік-зақ-зақ-зах-зай-зәй-сыз-сіз-саз-сөз-сүй-сүй-жый-жіи-жү-жү-жып-жіп

қатарын зерттеу арқылы білеміз. Бұл қатардағы түбірлердің бәрі де белгілі бір фонетикалық заңдылықтар, яғни ш-ч-з-с-ж, сондай - ақ й-к-қ-ғ-х-з-у-б-п дыбыстарының өзара алмасуы негізінде пайда болып, түркі тілдерінің көпшілігінде не жеке, не туынды сөз құрамына сақталған қазақ тілінің өзекті мәселелері. 292-293-беттер.

Негіздес сөздер төркіндес сөздердің бір құрамдас бөлімі болғанымен, оның төркіндес сөздерден мынадай ерекшелігі болады: бірінші, негіздес сөздер бір тілдің ішкі жағында өмір сүреді. Туыс тілдер арасында өмір сүрмейді. Екінші, негіздес сөздер негіздің бастапқы түбірдің ішкі бөлігіндегі дыбыстың өзгерісі не мағынаның ыдырауы арқылы қалыптасқан сөз жасаудың нәтижесі. Үшінші, негіздес сөздердің өзгерісі бір тілдің ішкі бөлігіндегі тіл дамуының заңдылығы бойынша өзгерген болады. Сондықтан мұндай сөздердің тобын туыс тілдер арасында өмір сүретін төркіндес сөздерден және бүгінгі күнде түбірін айқын көрініп тұратын түбірлес сөздерден парықтап негіздес сөздер деп атауға болады.

Сөз — дыбыс пен мағынаның біріккен тұлғасы. Сондықтан сөздің ішкі бөлігіндегі өзгеріс екі жақты мазмұнды камтиды бірі, дыбыстың өзгерісі, екіншісі, мағынаның өзгерісі. Бір негізден тараған туынды түбірлердің дыбысы мен мағынасы бастапқы негіздің бастапқы түбірдің дыбысы және мағынасымен белгілі байланыстылықты сақтайды. Осыдан бастапқы негіз бен жаңа сөз және олардан туындаған туынды сөз бен туынды сөз арасында негіздестік төркіндестік байланыс қалыптасады. Бұларды біз негіздес сөздер тобы дейміз. Түркі тілдер сөздігіндегі мағынасы өзгеру осы негіздің құрамындағы мәлім бір дыбыстың өзгеруі арқылы қазақ тілінде мынадай бірнеше жаңа сөздер жасалған:

Ад адыра, адым, адырай, адас, адырна т.б. Аж ажыра, ажым т.б. негіздес сөздер тобы. Адз негіз аз азғын, азғыр т.б. з-й-ж-д сәйкестігі Ай аяқ, айрылу, айығу, айну, айыр т.б. Бастапқы негіздің мағынасының ыдырауы арқылы да негіздес сөздер қалыптасады :

1. Адамның денесі, тұла бойы. Тән негіз 2. Біреуге бір нәрсеге қатысты, телулі негіздес сөздер тобы. Бұдан сырт, бір негізден тараған туынды түбірлердің кейбіреулерінің туынды мағыналары, бір сөз табындық қасиеті, түбірлік пен туындылық құрамы сияқтылардың ұқсамауына байланысты олар арасындағы жақындық бір-бірінен алшақтайды. Мысалы:

жұмыр сын есім
жұмыс зат есім

Жұм негіз жұмыртқа зат есім негіздес сөздер тобы.

жұмыл етістік, жұмбақ зат есім, негіздің бөлінуі барысында оның дыбысы мен мағынасының өзгерісін келтіріп шығаратын факторлар көп түрлі болуы мүмкін. Біз төмендегі бірнешеуін ғана ортаға қоямыз:

Фонетикалық себеп.

Бір тілдің лексикасының дамуы тілдегі фонетиканың дамуын да келтіріп шығаратыны да сөзсіз. Алайда, ол мейлі қандай жолмен өзгерсін, сөзсіз

бір тілдің фонетикасының өзгеріс жүйесін қалыптастырады. Қазақ тілі жөнінен алғанда, мұндай негіздес сөздердің қалыптасуының фонетикалық жақта негізінен екі түрлі себебі бар деп қараймыз

Біріншісі, қазақ тілінің қалыптасуы барысында негізінен бастапқы негіздің құрамындағы мәлім бір дыбыстың өзгерісінің себебінен, яғни тұйық буындардың ашық буынға немесе ұяң дыбыстардың қатаң дыбысқа өзгеруінің себебінен пайда болған. Осы барыста негіз құрамындағы мәлім дыбыстардың өзгеруінің кейбір сәйкестіктері сақталған. Мысалы, қазақ тіліндегі мына сөздерді салыстырып көрелік:

1. ғ қ-й сәйкестігі жоқ-жой, соқ-сой, бақ-бай байқа бақ-бай байлық лағу-ләйлі тоқ-той ақыр-аяқ т.б.
2. з-й-ж-қ сәйкестігі жаз-жай-жар-жад жадыра құдық-құй зат есім қозы-қой бақ бақ заман-баз баз баяғы сөз-сөйле тұжыр-тұқыр-тұйық бақши-бажырай шалқи-шалжи қазық-қада оқы-ой т.б.
3. з-рк сәйкестігі жүр-жүз ез-ер ері соз-сор т.б.
4. ғ қ-у сәйкестігі ақ-ау ақтар-аудар сақ-саусақайю-сауығу тақ ханның тағы-тау жақын-жуық бұқ-бу етістік.
5. г к-й-т сәйкестігі жүгір-жүйрік-жүйткі сетне-сире бет-бейне т.б.
6. р-й-у сәйкестігі қыр-қи жар жарық-жай жай оғы тұрақ-тиянақ кір-ки етістік ор-ой кер кері-кей кейін жеркен-жирен т.б.
7. ғ-қ сәйкестігі тоқта-доғар т.б.
8. ң-л сәйкестігі күң-құл сең-сел ыңғай-ылғи т.б.
9. м-б п сәйкестігі жап-жам жама ләм ләм демеді-леп жақсы лепес жарым ырыс т.б.
10. п б-у-й-л-м-к-қ сәйкестігі жап-жау жапқыш-жаулық маусым-май-мамыр серме-серпі дүр-дүп еліктеуіш қап-кеп кебін, кебіс, кебек, кепеш-кеу кеуде-қауқауырсын, қауашақ, қауыз-қауыш-қам қама, қамба, қамал-қал қалта, қалып-қар қарын-қақ қақпан, қақпа, қақпақ қаб қаба сақал-қал қалың бұқ бұғаз, бұғау-бұй бұйығы, бүйен, т.б.
11. н-й-л сәйкестігі күн қызу беретін планета –күй жану-күл зат есім тын-ти тол-той т.б.
12. бп -т сәйкестігі қопар-қотар қабатта-қатта т.б.
13. қ-ң-н сәйкестігі жақ-жан етістік жақ-жан мекендік есім т.б.

Жоғарыдағы сөздерді формалық – мағыналық - морфологиялық жақтан қарағанда олардың бір негізден тарағаны анық. Олардың кейбіреуінің негіздерін мөлшерлеуге болады. Мысалы, сау-сақ сөздерінің негізі көне түркі тіліндегі сағ. Ал, кейбіреуінің негіздерін мөлшерлеу қиын. Мысалы, құл-күн. Сондықтан оларға арнайы этимологиялық талдау жасауға тура келеді.

Екіншісі, түбір сөз құрамындағы р, ғ, д, л, г сияқты дыбыстардың түсіп қалуы себептен пайда болған. Мысалы, жағдай-жай, кигіз-киіз, ғұмыр-өмір, тұлға-тұла т.б.

Семантикалық себеп. Нақтылықтан абстрактылыққа, жекеліктен жалпылыққа дамыған сөз мағыналарының бір-бірінен мүлде алшақтау, сөз

мағыналарының ыдырауы себебінен қалыптасқан. Біз төмендегі сөздерді салыстырып көрелік.

Бейне тұлға, кескін—бейне секілді, сияқты, тәрізді.

Көн ірі қараның терісін илеу, босату—көн біреудің ыңғайына көну, мойынсал болу.

Ой ойпаң, ойыс, төмен жер — ой бір нәрсені шұңқырлап қазу, ортасын үнгу-ой объектив шындық туралы түсінік, пікір, ұғым.

Сал денені жансыздандырып, қозғалтпай тастайтын ауру — сал казак өнерпаздарының бірі.

Тән адамның денесі, тұла бойы - тән біреуге, бір нәрсеге қатысты, телулі.

Төл малдың жаңа туған құлыны, ботасы, козысы, лағы-төл жеке өз басына тән, біреуге меншікті, байырғы т.б.

Жоғарыдағы сөздердің біреуі ғана бастапқы негіз. Ал, қалғандары содан алмасқан сөздер. Бірақ бұл күнде олардың арасындағы байланыс алшақтаған. Сөз мағынасының бір-бірінен алшақтауының себебі, негізінен екі түрлі бірі, бастапқы негіз, екінші бір затқа ауысып қолданылғаннан кейін екі зат арасындағы байланыстың алыстауына байланысты сөз мағыналары да алыстаған. Мысалы, тән адамның денесі, тұла бойы - тән біреуге, бір нәрсеге қатысты, телулі. Бұл сөздердің біреуі зат есім, енді біреуі етістік. Және бірінші мағынаның бұл күнде сирек қолданылуына байланысты екі сөз арасында байланыс білінбестей алшақтаған. Екінші, зат атауының қалыптасу себебі ұмыт болуына байланысты қалыптасқан. Мысалы, сал - сері дегендегі сал сөзіне келейік, сал мен сері ұқсамайды. Сал ақындар ауылдың маңына келгеннен кейін өз аяғымен ауылға кірмейді. Сал ақын жігіт - желіңмен ауылға таяғанда аттан құлайды. Қашан ауыл қыздары келіп, көтеріп үйге алып кіргенше өлген сал адамдай тырып етпей жатады. Сондықтан мұндай ақындар сал ақын деп аталады. Ал, оның бұл мағынасы сал сөзінің денені жансыздандырып, қозғалтпай тастайтын ауру деген мағынамен байланыстылығы бар. Бірақ қазіргі күнде салдық құру әдеті болмағандықтан оның аты да, атының қалыптасу себебі де бүгін ұмыт болған.

Морфологиялық себеп. Негіз (екі негіздің күрделі бірігуінен қалыптасқан біріккен, кіріккен сөздерді де біз осылай атадық) туынды сөзге айналғаннан кейін туынды сөз бен туынды сөз арасындағы мағынаның бір-бірінен алшақтауына немесе туынды сөздердің туындылық құрамы күңгірттеніп, түбірлік қалыпқа енуінен қалыптасқан.

Мысалы мына сөздерді салыстырып көрелік:

Бастапқы негіз тұра мағынасы негіздес сөздер тобы

Аң ұйғұрша сана деген мәнде қолданылады аңыз, аңыз

Дің кесілген немесе құлаған ағаштың түбірі, дыңгек, дыңкеле

я болмаса тұтас денесі, өзегі

Ар түркі тілдер сөздігінде таза деген мәнде қолданылады ару, арулау, аруак.

Ая түркі тілдер сөздігінде алақан аядай, аяла, аяныш

Ас белгілі бір мөлшердегі саннан өту әсіресе, әсіреле
 Бақ күту, қарау, аңғару, бағыт, бағдар
 Бат шөгу, сіңу батыл, батыр, батбақ, батыс
 Бой адам мен жан-жануарлардың дене тұрқы бойлау, бойынша
 Бор жұмсақ ақ топырақ, әк тастың бірі боран, борбас, борпылдақ, борбай,
 бордақ, борсық
 Бұла түркі тілдер сөздігінде еркін, ерке бұла (көзінен жас ағу, жылап
 сықтау), бұлақ, бұлғаң, бұлған (еркін өскен, ерке),
 Бұлаң (ұзын шұбалаңқы нәрсенің арлы - берлі теңселуі
 Даң у-шу, айғай даңғара, даңғой, даңық, даңғаза
 Ес ақыл-ой есту, есті (саналы)
 Жар сүйеу, демеу жар (жұбай), жаран (өрен-жаран), жәрдем
 Жат жерге я бір заттың үстіне горизонтал қалыпқа түсу жатта, жаттық
 Же тамақтану жендет, жеміс
 Жұм алақанды бұгу, жымыру жұмыртқа, жұмыс, жұмыл, жұмыр
 Й майыстыру, бұгу иіл, йгер, йкем, йлан, йле
 Қоп қозғалу қопар, қобалжу, қобыр, қопақ
 Көм затты бастырып жауып тастау көмір, көмбе, көмей, көмкер
 Көс қолды шеңгелдеп немесе қолыңдағы аспабын көсеу, көсылу, көсти,
 көсыр (көл-көсір).
 Мол нәрсеге батыра, сағалата салып, күреп алу
 Күз мезгіл күзе, күзеу (күзеулік жер)
 Қан денедегі қызыл сұйық зат қанжар, қандас, қандес
 Қат сұйық заттың қатуы қатал, қатық(сүт өнімі), қатырлақ
 Қап бір заттың сыртқы қабығы, сырты қаптау, қабаттау, қабысу, қапсыр,
 қапырық.

Негіздес сөздер тобындағы бұл сөздерді бір негізден тараған туынды
 сөздер деуге болады. Мысалы: көмір, көмбе, көмей сөздері қазіргі қазақ
 тілінде түбір сөздер есептеледі. Бірақ үш сөздің мағыналарының
 байланыстылығынан және оларға жалғанып тұрған қосымшалардың (-ір, -
 бе, - ей) бүгінгі қазақ тілінде өмір сүретіндігіне қарап оларды біз бір
 негізден (көм) тараған негіздес сөздер тобы деп қараймыз.

Біз кейде осындай негіздес сөздерді салыстыру арқылы олардың
 күңгірттенген бастапқы негізінің этимонына да болжал жасай аламыз.
 Мысалы: «қас қарайды», «қас тасы», «қас сулу» сөз тұлғаларына ортақ
 негіз «қас» сөзінің мағынасына талдау жасағанда: қас қарайды деген сөз
 күн батты дегенді, қас тасы дегеніміз күн сияқты ашық, нұрлы, жалтыр тас
 дегенді, күн сулу дегеніміз күндей сулу (қазақ мифтерінде сулу қызды
 күнге теңеу де бар) яғни ажарлы, нұрлы дегенді білдірсе керек. Сонда
 «қас» сөзінің этимоны күн екендігін, кейін нағыз мәнде қолданылғанын
 байқаймыз. «Сам жамырады», «самырсын» (биік өсетін қылқан
 жапырақты ағаштың бір түрі), «самаладай тізілу», «самұрық» (биік
 ұшатын құс) деген сөздердің тізілу, жамырау, биік мағыналарын
 салыстырғанда, олардың мағынасының негізі «жұлдыз» мағынасын беріп

тұрған көне негіз «сам» екендігін; балғын, балдыр, балауса, бала, балапан, балбал, балқыма, балтыр, балшық, балық сөздерінің мағыналарының байланыстылығынан оларға негіз болып тұрған «бал» сөзінің әуелгі мағынасы жұмсақ екендігін; «бөксе» (адамның, жануарлардың белінен төменгі дене мүшесі), «бөктер» (таудың етек жағы), « бөктер» (бір нәрсені ердің арт жағына көлденең қойып, екі қанжығамен байлау) сөздерінің мағыналарының байланыстылығынан олардың негізі қазақ тілінде тойыну мағынасын білдіретін «бөк» екендігін мөлшерлей аламыз т.б.

Жоғарыда біз мақаламызда тек қазақ тілінде негізі бір деп қараған сөздердің бір қатарын ғана алғашқы қадамда ортаға қойдық. Қазақ тілінде негіздес сөздер бұдан да көп болуы, тіпті омоним деп санап жүрген сөздеріміздің де кейбіреуі негіздес сөздер болуы мүмкін. Негіздес сөздер әлі де біздің ішкерлей зерттеуімізді күтуде.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жаңбо. Қытай тіліндегі негіздес сөздердің жүйесі және оны сипаттаудың методы, «Щаңу баспасы», 2003.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. «Шинжяң халық баспасы». 1990.
3. Қазақ әдебиеті энциклопедиясы. Алматы. 1999.
4. Әбдуали Қайдар. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы. 1998.
5. Махмұт Қашқари. Түрки тілдер сөздігі. Алматы. «Хант баспасы». 1997.

Summary

This article describes that the Kazakh prose has a rhythm and the rhythm influences the nature and its novel.